



Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қаласы, Ахмет Байтұрсынұлы, 25,
тел/факс: +7 (7172) 31-31-38

Республика Казахстан, 010000,
город Астана, ул. Ахмет Байтұрсынұлы, 25,
тел/факс: +7 (7172) 31-31-38

№ 123 НИУ

12.05.2026

Мектеп бітіру іс-шараларын ұйымдастыру және заңсыз ақша жинауға жол бермеу туралы

Астана қаласы Білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 08 мамырдағы №1167 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025–2026 оқу жылының аяқталуына байланысты мектепте кештер, банкеттер, автокортеждер, таңды қарсы алу шаралары, алау жанында өткізілетін іс-шаралар, сондай-ақ мейрамханаларда, кафелерде, банкет залдарында, асханаларда, демалыс базаларында және табиғат аясында өткізілетін салтанатты іс-шараларды ұйымдастыруға тыйым салынсын.
2. Мектеп бітіру іс-шараларын өткізуге байланысты білім алушылардан, ата-аналардан немесе заңды өкілдерден ақшалай қаражат, сыйлықтар, жарналар және өзге де материалдық құндылықтарды жинауға қатаң тыйым салынсын.
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.А.Аманова, Ж.О.Копбаева:
 - Бітіруші сынып жетекшілерімен және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;
 - Осы бұйрық талаптарының сақталуын тұрақты бақыласын;
 - Бітіру іс-шараларын қауіпсіздік талаптарына сәйкес ұйымдастыруды қамтамасыз ету тапсырылсын.
4. 9-сынып түлектеріне аттестаттарды табыстау рәсімі 2026 жылғы 16 маусымда, 11-сынып түлектеріне 2026 жылғы 18 маусымда өткізілсін.
5. 9, 11 сынып жетекшілері:
 - Бітіруші түлектер мен олардың ата-аналарын осы бұйрықпен таныстырсын;
 - Қауіпсіздік техникасы, қоғамдық тәртіп және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша нұсқама жүргізу міндеттелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



А.Ж.Дюсенова